

Бизнес-жоспар орындау тапсырмасы

Нақты бір инвестициялық жобаға бизнес жоспар жасау (саланы студент өз қалауымен таңдайды).

Қойылатын талаптар:

- жұмыстың әр бөлімі (бөлімшелер) бойынша студент мазмұнды сипаттамалар беруі және есептеулер жүргізуі тиіс.

- таза табыс, NPV, R, Ток- ақталу мерзімі және т.б. көрсеткіштері анықталған болуы тиіс.

Бизнес-жобаларды орындауға нұсқаулар

Мақсаты – студенттер арасында бизнес-жобалауда кәсіпкерлік білімді және белсенділікті арттыру.

Бизнес-идеяларға (бизнес-жоспарға) қойылатын негізгі критерийлер:

- бәсекегеқабілеттілік, инновациялық сипат;
- технологиялық және өндірістік іске асуының мүмкіндігі;
- инвестиция көлемінің негізделуі;
- әлеуметтік маңыздылығы.

БИЗНЕС-ЖОБАНЫ ОРЫНДАУ ТӘРТІБІ:

Резюме:

- бизнес-идеяның мазмұны;
- нарық потенциалы туралы мәлімет;
- инвестиция көлемі;
- инвестиция өтелу мерзімі;
- құрылатын жаңа жұмыс орының саны;
- жобаның әлеуметтік маңыздылығы;
- бизнесті дамыту стратегиясы.

1. Маркетинг жоспары:

- нарықтың нақты сыйымдылығын бағалау және дамуының потенциалды мүмкіндіктерін бағалау;
- тұтынушылық профилді сипаттау (описание потребительских профилей);
- тура және жанама бәсекелестерді сипаттау, бәсекелестік позицияны бағалау;
- өткізуді ұйымдастыру, өткізу каналдарын сипаттау;
- тауарды (қызметті) өткізу программасы (сатуды арттырудың шаралары: реклама, промо-акции, баға, имидж);
- баға белгілеу стратегиясы;
- сатуды болжау;

2. Өндірістік жоспар:

- өндіріс технологиясын сипаттау (қызмет көрсету-оказания услуги);
- құрал-жабдықтар мен өндірістік алаңдар қажеттілігін есептеу;
- айналым қаражатындағы қажеттілікті есептеу;
- жоспарланған жеткізушілер, шикізат, материал бағалары.

3. Ұйымдастырушылық жоспар:

- компанияның меншік формасы;
- ұйымдық құрылымы -схема;
- штат кестесі;
- жалақы төлеу формасы, жылдық жалақы қоры.

4. Қаржылық жоспар:

- қаржыландыру көзі және көлемі;
- жобаның қаржылық нәтижелері (кесте түрінде орындау, 2-3-жылдық көрсеткіштер: өткізілген өнім көлемі, шығындары, табысы, салық, таза табысы);
- инвестицияның экономикалық бағалауы (ақталу мерзімі:Ток, NPV-таза келтірілген құн, инвестиция рентабельдігі, ішкі рентабельділік нормасы-IRR т.б.);

5. Тәуекелдерді бағалау.